

**«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІНІҢ «ДАРЫНДЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН АҚТӨБЕ
ОБЛЫСТЫҚ МАМАНДЫРЫЛҒАН «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ ЛИЦЕЙ-ИНТЕРНАТЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ
ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Ақтөбе қаласы, 2025 жыл

«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ «ДАРЫНДЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ МАМАНДЫРЫЛҒАН «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ ЛИЦЕЙ-ИНТЕРНАТЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
(білім беру ұйымының атауы)

Ақтөбе қаласы, ағ. Жұбановтар көшесі, 263 А

Қараша, 2025

Қазақстан Республикасының Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Дарынды жасөспірімдерге арналған Ақтөбе облыстық мамандандырылған «Білім-инновация» лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім беру қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізілді.

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет	
1)	«Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Дарынды жасөспірімдерге арналған Ақтөбе облыстық мамандандырылған «Білім-инновация» лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2)	<u>білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы)</u> 030012Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Ағайынды Жұбановтар көшесі № 263 А
3)	<u>заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт)</u> тел: 8(7132) 46-71-77, электрондық мекен-жайы: bil.aqtobe@mail.kz <u>web-сайт:</u> http:// bilaqtobe.edu.kz
4)	<u>заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі):</u> – Сабитов Аян Баянбекович Ақтөбе облыстық білім басқармасының 27.08.2025 жылғы №168 бұйрығымен Дарынды жасөспірімдерге арналған Ақтөбе облыстық мамандандырылған «Білім-инновация» лицей-интернатының директордың міндетін атқарушы болып тағайындалды.
5)	<u>құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/күеліктің және Жарғының көшірмесі қоса беріледі)</u> Ақтөбе облысы Әділет департаменті Ақтөбе қаласының Әділет басқармасынан 2017 жылдың 26 маусымында мемлекеттік тіркеуден өткен. Заңды тұлға ретінде алғашқы тіркелген күні: 06.10.1993 ж БСН: 931040000253
6)	<u>руқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон)</u> Білім беру қызметімен айналысу үшін Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 24.06.2025 жылғы № KZ66LAM00007741 лицензиясы берілген.

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ БАҒДАРЛАНА ОТЫРЫП, БАСТАУЫШ, НЕГІЗГІ ОРТА ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНА ӨЛШЕМШАРТТАР

1) білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – УОЖ) сәйкестігі

Талдау нәтижесі:

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарындағы оқу жоспарлары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы бекітілген 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына негізделіп жасалған.

Лицей мамандандырылған білім беру ұйымына жататындықтан, бастауыш сынып қарастырылмаған.

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында Негізгі сатының жоспары «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының №71 қосымшасының негізінде жасалған.

«Білім-инновация» лицейлеріне арналған оқу жоспарлары ҚР Оқу ағарту министрлігінің Орта білім беру комитетінің төрағасымының келісімі негізінде «Білім-инновация» ХҚҚ-ның вице-президентімен бекітілген. Осы оқу жоспарының негізінде лицейдің жоспары жасалып, бекітілген. [http:// bilaqtobe.edu.kz](http://bilaqtobe.edu.kz)

Лицейдің 2023-2024 оқу жылына арналған оқу жоспары 2024 жылдың 01 қыркүйекте, 2024-2025 оқу жылына арналған оқу жоспары 2024 жылдың 28 тамызында, 2025-2026 оқу жылына арналған оқу жоспары 2025 жылдың 23 тамызында бекітілген.

Негізгі саты шартты түрде екі сатыға бөлінген: 7-сыныптар және 8-9 сыныптар (бейін алдындағы сыныптар). 7-сыныпта оқушылар «Білім-инновация» лицейлерінің оқу жоспарын меңгеруге даярлық білім негізін меңгереді. Лицей оқушылары ағылшын және түрік тілін игерулері қажет. Оқушылар бұл тілдерді үйрену арқылы ғылым негіздерін көп тілде қабылдай алады. Осыған байланысты 7-сыныптың оқу жоспары өзгеше. 7-сыныпта бірінші жартыжылдықта физика, химия, биология сабақтары оқытылмайды. Бұл пәндер екінші жартыжылдықта ағылшын тілінде оқытылады.

Ағылшын тілі А0 деңгейден бастап оқытылады. Аптасына 9 сағат оқытылып, 16 аптада Cambridge университеті ұсынған межеге сай қажетті тілдік деңгейді меңгереді. III оқу тоқсанынан бастап оқушылар жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді ағылшын тілінде оқи бастайды.

8-сыныптарда ағылшын тілі А2 деңгейден бастап В1 деңгейін меңгеру үшін аптасына 8 сағат оқытылады.

8-9-сыныптарда бір жағынан негізгі мектептің базалық пәндерінен жалпы білім беру дайындығы аяқталады, екінші жағынан лицейдің жоғарғы сатында білім алушылардың бейіндік оқыту қырын саналы түрде анықтауға мүмкіншілік жасайды. Сондықтан, 8-9 сыныптарында жаратылыстану-математика бағыттағы пәндерді кеңейтіп және тереңдетіп оқыту жүзеге

асырылады.

Толығымен алғанда, негізгі саты күрделі танымдық процестерге өту үшін арнайы бейім мен дағдыны қалыптастыратын білім мазмұнын байыту және жеделдету стратегиясына бағытталған базалық білім беруді; жалпы дамуды және арнайы курстарды таңдауды, оқушылардың жеке оқу бағдарламасын құру үшін мүмкіндіктер жасауды, білім беру саласына сәйкес ерте бейіндендіруді жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Жоғарғы сатының жоспары «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының №107 қосымшасының негізінде жасалған.

Жоғарғы сатыда вариативтік бөлік қолданбалы курстардан, факультативтерден, таңдамалы курстардан тұрады. Бейіндік пәндер мен қолданбалы курстарды таңдаған бағыттары бойынша терендетіп оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Оқу жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары үлгілік оқу жоспары бойынша құрылған. Оқу пәндерінің тізбесі жұмыс оқу жоспарына сәйкес регламенттеліп, барлық білім алушылар оқып білуге міндетті оқу пәндері мен білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес білім беру ұйымы айқындаған құрамдас компонент жұмыс оқу жоспарында бекітілген.

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарының сабақ кестелері жасалып бекітілген. [http:// bilagtobe.edu.kz](http://bilagtobe.edu.kz). Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, мерзімі, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып, автоматтандырылған бағдарламаларды пайдалану арқылы жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Оқу-тәрбие үрдісінің оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

Оқу жұмыс жоспары бойынша барлық сыныптардағы инварианттық және вариативтік оқу жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес құрылды. Оқу жұмыс жоспарындағы барлық пәндер сабақ кестесіне қойылды, сабақ кестелері қосымша жалғанады.

Қорытынды: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 3-қосымшасының 41-тармағына, 4-қосымшасының 31-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген оқу жоспарының 71,107-қосымшаларына сәйкес келеді.

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру

Талдау нәтижесі:

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйегіндегі №399 бұйрығы басшылыққа алынған.

Негізгі орта білім берудің базалық мазмұны үштілді білім беру саясаты шеңберінде іске асырылған. «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы»,

«География», «Құқық», «АӨТД», «Дене шынықтыру», «Көркем еңбек» пәндері – қазақ тілінде, «Орыс тілі мен әдебиеті» – орыс тілінде, «Ағылшын тілі», «Алгебра», «Геометрия», «Физика», «Химия», «Биология», «Информатика» – ағылшын тілінде оқытылады. Түрік тілі факультатив ретінде жүргізіледі.

Үштілді білім берудің мақсаты көптілді тұлғаны – кемінде үш тілді меңгерген, қызметтің әртүрлі салаларында үш тілде еркін диалог жүргізе алатын, өз халқының мәдениетін бағалайтын, басқа халықтардың мәдениетін түсінетін және құрметтейтін Қазақстанның азаматын қалыптастыруға негізделген.

"Тіл және әдебиет" білім беру саласының мазмұны білім алушылардың тілдік дағдыларын дамытуды; қазіргі әлемде тілдерді оқытудың маңыздылығын түсінуді; рухани-адамгершілік құндылықтардың дамуын; көптілді және көпмәдениетті әлемнің тұтастығын түсінуді; қарым-қатынас процесінде тұлғаарлық және мәдениетаралық байланыстарды орнатуды; өзге елдердің мәдениетімен танысу арқылы әртүрлі көзқарастарды сыйлай білуге тәрбиелеуді; шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамыту және пайдалануды қамтамасыз етеді.

"Математика және информатика" білім беру саласының мазмұны математиканы ғылымның әмбебап тілі, құбылыстар мен процестерді модельдеудің құралы ретінде түсінуді; бағдарламалау технологиясының және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың теориялық негіздері бойынша базалық білім жүйесін меңгеруді; функционалдық сауаттылықты, логикалық, алгоритмдік және операциялық ойлауды, кеңістікті елестетуді, математика мен информатиканың түрлі тілдерін (сөздік, символдық, талдамалық, графикалық) пайдалану қабілеттерін, әртүрлі нысанда берілген ақпаратты қабылдау және сын тұрғысынан талдауды дамытуды қамтамасыз етеді.

"Жаратылыстану" білім беру саласының мазмұны "Физика", "Химия", "Биология", "География" оқу пәндерінде іске асырылады. "Жаратылыстану" білім беру саласының мазмұны функционалдық білім мен біліктерді, жоспарлау, талдау және өңдеу, практикалық-эксперименттік дағдыларды жетілдіру, қорытындыларды бағалау және тұжырымдау дағдыларын қалыптастыруды; білім алушыларды жаратылыстану ғылымдары бағытында кәсіби бағдарлауды іске асыруды қамтамасыз етеді.

"Адам және қоғам" білім беру саласының оқу пәндерінің мазмұны "Қазақстан тарихы", "Дүниежүзі тарихы", "Құқық негіздері" оқу пәндерінде іске асырылады. Оқу пәндерінің мазмұны білім алушыларда тарихи ойлау, өткен және қазіргі жағдайды, олардың өзара байланысын түсіну мен ұғыну, тарихи, құқықтық, экономикалық, саяси, әлеуметтік ақпарат көздері материалдары бойынша талдау мен тұжырым жасау дағдыларын қалыптастыруға; патриотизм сезімін, құқықтық сауаттылығын дамытуға бағытталады.

"Дене шынықтыру" білім беру саласының мазмұны денсаулықты нығайтуға, негізгі дене бітімі қасиеттерін дамытуға және ағзаның қызметтік мүмкіндіктерін жоғарылатуға; қозғалыс мәдениетін қалыптастыруға, базалық және ұлттық спорт түрлерінің техникалық қимылдары мен амалдарын меңгеруге бағытталады.

Көркем еңбек пәнінің мазмұны технологиялық білім, білік, дағдыларды дамытуға, ұлттық және әлемдік көркем құндылықтары меңгеруге бағытталған.

Үлгілік оқу бағдарламаларына негізделіп жасалған Күнтізбелік-тақырыптық жоспарларда оқу пәнінің мазмұны, тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым әрекетінің түрлері қамтылған. Оқу мақсаттары көрсетіліп, бөлімдер мен тақырыптарды меңгеруге жұмсалатын сағат саны көрсетілген. Күнтізбелік тақырыптық жоспарды педагогтар әзірлеп, әдістемелік пән бірлестіктерінде қаралып, мектеп басшысымен бекітілген.

Оқу бағдарламаларының мазмұнына сәйкес күнтізбелік тақырыптық жоспарларда талдау, бағалау және шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал ететін түрлі тапсырмалар пәнге сәйкес

көрсетілген. Білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған зертханалық және практикалық жұмыстарды орындау қарастырылған.

Білім беру ұйымының оқу пәндерінің базалық мазмұны жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес келеді. Пәндердің базалық білім мазмұны игерілген.

2023-2024 оқу жылында жыл қорытындысы бойынша білім сапасы – 90,2%, үлгермеуші оқушы жоқ, үлгерім сапасы 100% болған. 2024-2025 оқу жылында жыл қорытындысы бойынша білім сапасы – 94,6%, 2025-2026 оқу жылының 1 -тоқсан қорытындысы бойынша білім сапасы – 84,8%, үлгермеуші оқушы жоқ, үлгерім сапасы 100%. Әрбір тоқсанның соңында педагогикалық кеңесте білім алушылардың оқу-үлгерім деңгейі мен сыныптар бойынша өсу, кему өзгерістері талқыланып отырған, үлгермеуші оқушы жоқ екендігі анықталған. Оқу пәндерінің базалық мазмұнын барлық оқушылар игергендігі анықталды.

Қорытынды: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 3-қосымшасының 11, 20-37-тармақтарына, 4-қосымшасының 10, 20-25-тармақтарына сәйкес келеді

3) білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру

12.3. білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

Ұлт болашағы балалар мен жастардың бойына қандай құндылықтар сіңіретініне байланысты, сол себепті өскелең ұрпақты тәрбиелеу -маңызды міндеттерінің бірі.

Тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығымен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұны басшылыққа алынып, Ақтөбе облысының білім басқармасы ММ-нің 2024 жылғы 06 тамыздағы № 380 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы 2025 жылғы 15 тамыздағы №341 бұйрығы және лицей-директоры м.а. 02.09.2025 жылғы №165 «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын енгізу туралы бұйрығына негізделі тәрбие жұмысының жоспары құрылып, бекітілді. Жоспарға сәйкес жұмыстар уақытылы ұйымдастырылып жүргізілді. (жоспар жүктеледі, шаралар сілтемесі ұсынылады.)

Тәрбие жұмысының мақсаты: «Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз тұлға тәрбиелеу»

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталып, ұйымдастырылып өткізілді.

- қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;
- желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
- қаңтар – заң және тәртіп айы;
- ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
- наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Құндылықтарды қалыптастырудағы жұмыстар «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» ұстанымына негізге ала жүйелі жоспарға сәйкес іске асырылып отырды.

Лицейде күнделікті жүргізілген жұмыстар:

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – білім алушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатындағы ұлттық ойындарды оқушыларға үйретіп, ойнатуға мән берілді. Соның ішінде: тоғызқұмалақ, асық ойындары, бес тас ойындары дене шынықтыру пәні мұғалімдері мен сынып жетекшілері, «Мектеп Парламент» мүшелерінің ұйымдастырумен жүрді.

«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі сынып жетекшілер тарапынан талап етіліп ұйымдастырылды.

«Үнемді тұтыну» – апта сайынғы оқушылар жиынындағы хабарламалар мен Тәрбие кабинеті дайындаған жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар тарату, түсіндірме жұмыстары арқылы жүрді. Суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру мақсатында түрлі бағыттағы шаралар ұйымдастырылды. Көрнекі жерлерге жадынамалар ілінді.

«Күй күмбірі» – Үзіліс кезінде мектеп радиоторабы жүйесі арқылы күйлердің түрлері алмастырылып тыңдатылады.

Лицейде апта сайын:

- «Менің Қазақстаным» – аптаның әр дүйсенбісі әр қабаттағы оқитын сыныптың білім алушылары үшін жиын өтеді. Жиын Қазақстан Республикасының Гимнін орындаудан бастайды.

- «Апта дәйексөздері» - әр апта сайын мектеп-гимназияда оқу және оқудан тыс іс-әрекеттің бастамасы ретінде мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері таңдалған дәйексөздер барлық білім алушыларға жеткізіледі. Дәйексөздер- сыныптың тақтасына ілінеді, кіре берістегі телеэкранда және мектептің сыртқы кіреберісіндегі таблода апта бойы жүреді.

-«Қауіпсіздік сабағы» -жыл бойы жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін және білім алушылардың жеке қауіпсіздігі т.б. мәліметтер сынып сағат шеңберінде 10 минуттық ақпарат беріледі.

Бағдарлама аясындағы жүзеге асырылған әлеуметтік жобалар:

- ✓ «Еңбегі адал-жас өрен» жобасы
- ✓ «Қамқор» жобасы
- ✓ «Шабыт» жобасы
- ✓ «Smart bala» жобасы
- ✓ «Ұшқыр ой алаңы» жобасы
- ✓ «Балалар кітапханасы» жобасы

Лицей директорының 2024-2025 жылғы № 141, 2025-2026 жылғы №165 (НҚ) бұйрығымен жоба жетекшілері тағайындалды. Жобалардың жоспарына сәйкес шаралар ұйымдастырылып өткізілді.

«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» айында құндылықтарды білім алушылардың бойына сіңіру «Еңбегі адал жас өрен» жобасы бойынша жүзеге асырылды. Жоба мақсаты: білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарға дәріптеу. Қыркүйек айында мектеп ұжымы мен «Мектеп Парламент» мүшелерінің ұйымдастыруымен «Күзгі асар» жәрмеңкесі өткізілді. Ұстаздар мен балалар жәрмеңкеде ата-аналарымен бірлесе өнімдерді дайындауда еңбектеніп өз үлестерін қосты. Бұндай шаралар балалар тәрбиесінде ұтымды қадамдардың бірі. Жиналған қаражат «Ыбырай» қорына жіберілді.

«Қамқор» жобасы аясында мектеп кабинеттерін гүлдендіру, дәліздердегі гүлдерді күту, кіші қызметкерлерге көмек көрсету жұмыстары арқылы адал еңбектің мәнін, қоршаған ортаны таза ұстаудың маңыздылығына үйренді.



«Қамқор» жобасы аясында еңбек пен еңбекқорлық мәдениетін білім алушылар арасында кеңінен насихаттау, балаларды бастамашылдық пен кәсіпкерлікке баулу және әлеуметтік маңызды шараларға тарту мақсатында түрлі шаралар, акциялар, челленджер жүйелі ұйымдастырылды. «Таза сенбілік», «Таза аула» акцияларына мектеп ұжымы мен қатар білім алушылар мектеп ауласында көгалдандыру жұмыстарын, түлектер өздерінің естелік ағаштарын отырғызды. Оқушылар мектеп аумағын қоқыстан тазартып, табиғатты қорғауға өз үлестерін қосып, табиғатты аялауға және туған жердің ауасын, табиғатын таза ұстауға үйренеді. Орта буын оқушылары арасында «Таза ғаламшар менен басталады» жобасы ұйымдастырылды.






«Еңбегі жемістінің – өмірі келісті» тақырыбында 7-8 сыныптар арасында байқау ұйымдастырылды, ал 9-11 сынып білім алушылары үшін «2025 жыл-Жұмысшылар жылы» деп аталуына байланысты еңбек ардагерлерімен, кәсіпкерлермен кездесулер ұйымдастырылды. Мақсаты: еңбектің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіріп, еңбек жасай білу дағдыларын дамыту, еңбекке қызығушылықтарын арттыру; еңбектенуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Шебердің қолы ортақ» тақырыбында шеберлік сағаты өткізілді. Шараның басты қонағы ретінде шебер ата-аналардың жұмысынан көрме ұйымдастырылып, шеберлік сабақтары өтіп, оқушылар өздеріне қажетті дағдылармен танысты. Балаларды мейірімді, қайырымды, жанашыр, адал болуға тәрбиелеу мақсатында «Қарттарды сыйла» экологиялық акциясына қатысып, білім алушылар қарттарға қамқорлық жасау мақсатында жеміс-жидектерден күзгі себет сыйлады.



Кәсіптік бағдар беру жұмыс жоспарына сәйкес білім алушыларға облыс орталығындағы оқу орындарымен байланыс орнатылып, кездесу, Ашық есік күндері ұйымдастырылды. Сонымен қатар мектеп түлектерімен кездесулер ұйымдастырылды. «Мамандықтар әлемі» тақырыбында шараға қаламыздағы арнаулы-орта білім беретін оқу орындары: Ақтөбе өнеркәсіптік технологиялар колледжі, Ақтөбе байланыс және жаңа технологиялар колледжі, Ақтөбе құрылыс-техникалық колледжі, АЛТ Ақтөбе гуманитарлық-техникалық колледжі және Қ.Жұбанов университеті жанынан ашылған «Heriot-watt» университеті мен М.Оспанов медициналық университеті мамандары келіп оқушылар мен олардың ата-аналарына оқу орындары мен мамандықтар туралы кең мәлімет берді. Қ.Жұбанов АӨМУ-де ұйымдастырылған Study in Kazakhstan Халықаралық университеттер көрмесіне қатысып, түлектеріміз тек еліміздің ЖОО-ның мамандықтары ғана емес сонымен қатар шетелдік университет мамандары болашақ мамандықтар мен мүмкіндіктер туралы кең ақпарат алды.

«Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік» айы «Мектебім-мейірім мекені» салтанатты жиынымен ашылып 1-11 сынып оқушыларын жаңа оқу жылына қабылдады. А.Байтұрсынұлының туған күні мен Тілдер мерекесіне орай «Тілім менің ғасырларға аманат», «өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» шаралары үлкен қызығушылықпен өтті. Отбасы күніне орай «Отбасы-бақыт мекені» апталығы ұйымдастырылды. «Шабыт» жобасы аясында «Орындалған басты арман» Облыстық шығармашылық орталығы мамандарымен сыр-сұқбат ұйымдастырылды. «Бақытым да, байлығым да-денсаулық» тақырыбымен Денсаулық фестивалі, «Бақытты және қауіпсіз балалық шақ» алдын алу шарасы, «ДОСБОЛ Laik» жобасы бойынша «Біз буллингке қарсымыз» флешмобы өтті. «Адам құқығын қорғау» тақырыбында Ақтөбе облысы бойынша Омбудсмен А.Байдуллина бірыңғай құқықтық сағат өткізді. «Парасаттылық сағаты» тақырыбында ата-аналар мен білім алушыларға арналған бірыңғай сабақтар ұйымдастырылды.



«Тәуелсіздік және отаншылдық» айы бойынша қарттар және ұстаздар мерекесі, кітапханашылар және Республика күні мерекелері өткізілді.

1 қазан – Қарттар мерекесіне орай сыныптарда «Қарттарын қадырлеген ел ардақты», «Ұстазым-ұлағатым», «Қарты бар үйдің –қазынасы бар» т.б. тақырыптарда іс-шаралар ұйымдастырылды. 5 қазан – Ұстаздар мерекесіне орай «Мектеп Парламент» өзін-өзі басқару ұйымыны Дублер күнін ұйымдастырып, ардагер ұстаздар мен мектеп-гимназия ұстаздары үшін құттықтаулар ұйымдастырылды. Сонымен қатар Республикалық «Даналық ұстаздан» челленджіне оқушылар мен ұстаздар белсенділікпен қатысты. «Даналық ұстаздан» челленджі аясында мектебіміздің ардагер ұстаздарына құттықтаулар ұйымдастырылып, марапаттар берілді. Көп жылғы еңбектері аталып өтіп оқу-ағарту министрлігінің Құрмет грамотасы табысталды.



«Шабыт» жобасын іске асыру, отбасы құндылықтарын дамыту мақсатында мектеп-гимназиямыздың білім алушылары «Ананың аялы алақаны» челленджіне 7-11 сынып белсенділікпен қатысты. «Тәуелсіздік және Отаншылдық» құндылығын дәріптеу мақсатында республика күніне орай «Жаса, жайна- жақұт мекен Қазақстаным!» салтанатты жиыны

мен 7-11 сыныптарда «Жайсаң өлке, жайдары Қазақстан, шуақ шашқан сәулелі күнсің маған» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. «Ұлы елдің ұландары» орта буын оқушылары арасында спорттық жарыс өтті. «Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында «Адалдық жүрген жерде-адамдық жүреді» тақырыбында пікірсайыс ұйымдастырылды. «Шабыт» жобасы жоспарына сәйкес «Ұлттық киім» челленджі өткізілді. Бұл шараға білім алушылар мен ұжым, ата-аналар қауымдастығы белсенділікпен қатысты.




«Балалар кітапханасы» жобасы. Мектеп кітапханаларының қорын заманауи әдебиеттермен, ғылыми-көпшілік, көркем, анықтамалық әдебиеттермен толықтыру, балаларды кітап оқуға баулу, ізгілік пен қайырымдылық сезімдерін тәрбиелеу, кітапқа ұқыпты қарауға үйрету мақсатында «Шын жүректен кітап сыйла» акциясы ұйымдастырылды. Шара аясында ұжым, ата-ана, білім алушылардың қолауымен мектеп кітапханасының қоры жаңа кітаппен толықты. Бастауыш сынып оқушылары мектеп кітапханасымен танысудан бастап, белсенді оқырманына айналды. Ертегілер әлемін оқумен шектелмей, сахнада шеберлікпен қойылымдар қою дәстүрге айналды. Р.Қошқарбаевтың 100 жылдығына орай «Ерлігі ұрпаққа үлгі» тақырыбында 7-11 сынып оқушылары шаралар ұйымдастырды. «Кел балалар оқылық» сайысы, «Қыста кітап оқимыз-жадымызға тоқимыз» челлендж, «Абай даналығы-халық мұрасы», «Менің атым-Қожа-зияткерлік сайысы», «Жошы ұлысына 800 жыл» -олимпиадасы «Ұрпаққа ұлағат»- зияткерлік сайыс, «Қазақша күйз», Ата-аналарға арналған «Кітап-жан азығы» сайысы «Республикам менің» мәнерлеп оқу сайысы, ұстаздар арасында өткен «Артық білім кітапта, ерінбей оқып көруге» сайыстары өте қызығушылық пен өткенін атап өткен жөн.

2025-2026 оқу жылы «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» құндылығымен басталды. Оқу жылының алғашқы аптасы Тілдер мерекесіне орай «Тіл- ұлттың айнасы, жүректің үні, болашақтың кілті» тақырыбымен апталық ұйымдастырылып, апталық жұмысына барлық бірлестіктер жұмыла өз үлестерін қосып, әр түрлі форматта шаралар ұйымдастырылды. Мереке аясында мектеп мұғалімдері мен «Білгенге маржан» үйірме мүшелері облыстық сот сотының тілдер бөлімінің шақырумен «Ұлт ұстазы-А.Байтұрсынұлы» әдеби-танымдық кешіне қатысып баяндама оқып қайтты.

https://www.instagram.com/p/DO_LTstiPgZ/?igsh=amQ5ZnN6aWFmcHJm

<https://www.instagram.com/p/DOqOqyriLE/?igsh=ZWNiZDg3cWluZWZ2>

«Әділдік және жауапкершілік» айы шаралардың мақсаты білім алушыларды адалдық және азаматтық жауапкершілік сынды маңызды құндылықтарға үйрету. Бұл құндылықтарды білім алушы бойына сіңіруде «Әділдік пен жауапкершілік -біртұтас ұғым», «жауапкершілік-адамгершілік қасиеттің көрінісі» дәйексөздерін басшылыққа алас жұмыстанды. «Мектеп Парламенті» өзін-өзі басқару жүйесінің ұйымдастыруымен «Үздік Көшбасшы» байқауы, «Жас құқықтанушылар» сайыс ұйымдастырылды.Өзін-өзі басқару мүшелерінің ұйымдастыруымен ай сайын оқушылардың сабаққа қатысымы, оқу құралдарының жағдайы, мектепке тыйым салынған заттарды ұстамауы және әлеуметтік желі сауаттылығын бақылау рейдтері ұйымдастырылып, қорытындысы аптаның дүйсенбі күні өтетін жиында хабарлама жасалып отырды.



<https://www.instagram.com/p/DQMbGuwCM1d/?igsh=YTJmazhuOGtwZ3Vy>

Отбасындағы жауапкершілікті сезіндіру, отбасындағы салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды сақтау, жалғастыру мақсатында «Баталы ер - арымас», «Жеті атаңды білесің бе?» тақырыптарында кездесу кештері өткізілді. Кездесуге мектеп-гимназия білім алушыларының ата, әкелері шақырылды. Кездесу барысында қозғалған ой-пікірлер «Ата көрген - оқ жонар, ана көрген-тон пішер»- демекші адамгершілік пен еңбекқорлыққа шақырар ойлар мен пікірлер білім алушыларға үлкен сабақ болады деуге болады.

«Заң және тәртіп» айы бойынша білім алушылардың құқықтық сауаттылығы мен құқықтық санасын арттыру және жасөспірімдер арасында құқық бұзушылыққа жол бермеу мақсатында іс-шаралар, кездесулер ұйымдастырылды. Қазіргі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын - алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл мәселе бүгінде көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында лицейде Құқықтық кеңес жұмыс жасайды. Құқықтық кеңес пен мектептегі құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысының жоспары оқу жылының басында бекітіледі. Кеңес отырысы әр айдың соңғы аптасында, қажетінде кезектен

тыс өтеді. Жоспарға сәйкес бекітілген іс-шаралар уақытылы өткізіліп отырды. Қыркүйек айының алғашқы аптасы жыл сайын 7-11 сынып оқушыларын Мектептің Типтік Ережесімен таныстыру жұмыстарымен басталады. Мектеп формасын сақтау туралы ер балаларға арналған жиналыс өткізіледі. Мектептің кіре беріс фойесінде “Сенім жәшігі”, “Сенім телефоны”, бала құқығын қорғау және құқық органдары мамандары туралы мәліметтер, қалалық білім бөлімі, облыстық білім басқармасының телефондары, сонымен қатар “ЖАН аһуал” облыстық орталығының QR коды көрсетілген жадынамалар ілінген. Құқықтық тәрбие беру жұмысы жыл сайын 1-тоқсанда республикалық “Зорлық-зомбылыққа қарсы белсенділіктің 16 күні” және 2- тоқсанда 25.11-25.12 аралығында ұйымдастырылған облыстық “Заң және тәртіп” айлығымен жалғасты. Іс-шараға оқушылар, ата-аналар мен класс жетекшілер белсенділікпен қатысты. Айлық барысында:

- ✓ “Бақытты және қауіпсіз балалық шақ”
- ✓ “Адам құқықтары”
- ✓ “Құқық бұзушылықтың алдын алу - басты міндет”
- ✓ “Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы тәртіп бұзушылықтың түрлері мен оған қолданылатын жаза түрлері”
- ✓ Нашқорлықтың, есірткінің алдын алу
- ✓ “Жасөспірім және заң, болашаққа дұрыс қадам”
- ✓ “Менің тандауым заңды жол”
- ✓ “Буллингтің алдын алу”
- ✓ “Кәмелетке толмағандар арасындағы суицид пен қылмыстың алдын алу”

тақырыптарында кездесу, дәріс, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Іс-шаралар барысында қазіргі таңдағы жасөспірімдер арасындағы мәселелерге кеңінен тоқталып, заң талаптары кеңінен түсіндіріліп, орын алып жатырған жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстық іс-әрекеттердің алдын-алу жолдарын таныстырып, құқық бұзған жасөспірімдерге қолданылатын шаралар және жазалар жайлы мағлұмат берілді. Балалар мен жасөспірімдер арасында әлімжеттік пен құқық бұзушылықтың алдын алу, «Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылық профилактикасы мен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу», білім алушылар арасында жаман әдетке үйір болмау, түнгі рейдтер туралы, ішкі тәртіпке бой ұсыну, темекі, ішімдік заттарынан аулақ болу, бір-біріне үстемдік жасамау сияқты жаман әдеттердің алдын-алу тақырыбында әңгіме, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Әсіресе, бопсалау сынды теріс әрекеттерге барудың аяғы жақсылыққа апармайтындығы баса айтылды. Жамандыққа бармаудың жолы бос уақытты тиімді пайдалану екені түсіндірілді. «Құқық бұзушылыққа, қылмысқа және кәмелетке толмағанға қарсы жасалған қылмысқа жол бермеу, интернет қауіпсіздігі мен кибербуллинг, лудомания мен нашақорлықтың, зорлық-зомбылықтың алдын-алу» тақырыбында еркін форматта 7-сынып оқушыларымен жұмыстар жүрді. Бұл жұмыстарды жүргізуде аға учаскелік инспектор Руслан Асылхан Медетханұлы қатысты. Бұл шараларға облыстық деңгейдегі мамандарда қатысты. Ақтөбе облыстық департамент қызметкері Убишев Тимур қатысып, ақыл-кеңестерін берді. Республикалық «ДосболLIKE» буллингке қарсы бағдарламасы аясында «Менің сыныбым буллингке қарсы» республикалық бейнероликтер челленджі, “Зорлық- зомбылықсыз балалық шақ” флешмобы ұйымдастырылып 7-9 сынып оқушылары қатысты. “Адалдық жүрген жерде адамдық жүреді”, “Қоғамдағы отбасы және мектептегі зорлық-зомбылық қағидаттары” тақырыбында пікірсайыс, “Жас құқықтанушылар” зияткерлік сайысы өтті. “Мейірімді қоғам” тақырыбында эссе байқауы өткізіліп, мектепішілік жеңімпаз 8 “А” сынып оқушысы Ахмет Сұлтан 2-орын алды.



<https://www.instagram.com/p/DQMbGuwCM1d/?igsh=YTJmazhuOGtwZ3Vy>

Бұл бағытта оқушылармен қатар ата-аналармен де жұмыстар жүргізілді. «Жасөспірімді зорлық-зомбылықтан қорғаудың негізі - сенім мен жеке шекараға құрмет», «Жасөспірімдердің ұйқысы: оқу және мінез-құлыққа әсері», «Болашаққа көзқарас: балаға өз әлеуетін ашуға қалай көмектесуге болады», «Жеке шекара және қолдау: жасөспірімге қиындықтарды жеңуде қалай көмектесуге болады» тақырыптарында 4-рет жалпы ата-аналар жиналысы өтті. Жиналыс барысында мектеп психологі, әлеуметтік педагог тренинг өткізіп, жадынама таратты. Мектеп пен ата-аналар арасындағы байланысты нығайту мақсатында “Теңділермен теңбіз” айдарымен аналар арасында волейбол жарысы өтті. Оқушылардың мезгілсіз уақытта көшеде, ойын-сауық орындарында жүрмеуін бақылау мақсатында рейд жұмыстары ұйымдастырылды. Рейд жұмыстарына мектеп әкімшілігі, ата-аналар және “Тәртіп сақшылар” тобы қатысып, мектепке қарасты мөлтек ауданда орналасқан компьютер клубтары, ойын-сауық орындары тексерілді.






Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарының үш жылдық салыстырмалы көрсеткіші

№	Есепке алу түрлері	2023-2024	2024-2025	2025-2026
1	«Тәуекел» топқа тіркелгендер	-	-	-
2	Лицей бойынша тіркеу	-	-	-
3	«Сәтсіз отбасы» тіркеудегілер	-	-	-
4	Ақтөбе қаласы Астана ауданы №1 ІБ КТИ-дегі тіркеудегілер	-	-	-
1	«Тәуекел» топқа тіркелгендер	-	-	-

<https://www.instagram.com/reel/DOxkCWYCEBb/?igsh=aTI1bmF5cHRkYTg2>

«Жасампаздық және жаңашылдық» айы – бұл білім алушылардың шығармашылық ойлау мен жаңа идеяларды қолдау, жаңалық ашуға ұмтылуды арттыру мақсатында өткізілетін құндылықтар болып табылады. Осы мақсаттарды жүзеге асыру барысында «Smart bala» жобасы аясында білім алушылардың бойына цифрлық білім ресурстарын дамыту мақсатында «Startup. IT Startup пен жарнама» тақырыбында жоба қорғау өткізілді. Шараға 10-11 сынып оқушылары қатысты. Бұл жобаның басты мақсаты - шығармашылық ойлауды дамыту

Салауатты өмір салтын насихаттау, құқықбұзушылықтың алдын алу және ұлттық спортты дәріптеу мақсатында танымдық-спорттық іс-шара өтті. **Мақсаты:** оқушылар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру; жастарды құқықбұзушылықтан сақтандыру және құқықтық мәдениетті арттыру.





«Түлектен тарту» жобасы бойынша лицей түлектері 2024 жылдың ақпан айында лицей ауласында заманауи талаптарға сай, оқушылардың бос уақытын тиімді өткізіп, спортпен шұғылдануына мүмкіндік беретін футбол алаңын салып берді.



«Бірлік және ынтымақ» айы өзара достық қарым-қатынасын нығайту мақсатында 8-10 сынып білім алушылары мен ұстаздар арасында «ҚАЗАҚША QUIZ» интеллектуалдық ойыны өткізілді. Сайыстың мақсаты – қазақтың тілін, тарихын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, ғылымы, өнері, әдеби мұраларын насихаттау, ұжыммен жұмыс жасау дағдыларын арттыру, сондай-ақ зияткер орта қалыптастыруға үлес қосу, оқушылардың танымын арттыруға, ізденуге, алған ақпаратты қысқа уақыт ішінде сараптан өткізуге, қисынды ойлауға баулу. Қатысушылар әр тур сайын тест, суретті, күрделі және тақырыпты, медиа сұрақтарға жауап берді.

Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай 7-11 сынып аралығында «Бірлік түбі – береке» сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың бойында ұлттық бірлік пен ынтымақтың құндылығын қалыптастыру.

Өскелең ұрпақтың бойына әскери-патриоттық және отансүйгіштік тәлім-тәрбиені қалыптастыру мақсатында Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай он күндік ұйымдастырылды. Он күндікке барлық бірлестік жауапкершілікпен үлес қосып, мағыналы да мәнді шаралар ұйымдастырды. Оқушыларымыз батырлардың рухына тағзым етіп, ескерткіштеріне гүл шоқтарын қойса, тарих пәні мұғалімдері викториналар мен дебаттар ұйымдастырды.

«Зияткерлік ойындар» конкурсының аясында «Sharyqtimes» жобасы аясында 8,9,10-сынып оқушыларына арналған «Кітап оқып жарысайық» сайысы ұйымдастырылды.



Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жұмысы.

Әдістемелік бірлестіктің (ӘБ) негізгі міндеті сынып жетекшілерінің сыныппен жұмыстағы әдіскерлік деңгейін одан әрі арттыру, олардың шығармашылық деңгейінің өсуі мен кәсіби мансабына жол ашу, өзін-өзі оқытуы мен өзін-өзі дамыту мүдделері үшін әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыруға жіктемелік тұрғыдан қарауды жүзеге асыру болып табылады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» № 18 бұйрығы негізінде 2023-2024 оқу жылы бойынша – 10 класс комплектісі, 2024-2025 оқу жылында – 10 класс комплектісі, 2023-2024 оқу жылы бойынша – 10 класс комплектісі лицей директорының бұйрығымен бекітілді. (1.09.2023 жылғы № 124(НҚ) 02.09.2024 жылғы №196 (НҚ) 02.09.2025жылғы№238 (НҚ) бұйрықтары)

Сынып жетекшілердің сапалық құрамы:

Оқу жылы	Барлығы	Еңбек өтілі 1-3 жыл	Еңбек өтілі 4-10 жыл	Еңбек өтілі 10 жылдан жоғары	Арнаулы орта білімді	Жоғары білім
2023-2024	10	5	3	3		10
2024-2025	10	4	4	2		10
2025-2026	10	6	1	3		10

Сынып жетекшілер бірлестігінің алдына қойған мақсатына сай жоспары құрылып, бекітіледі.

Жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізіліп, отырыстар уақытылы өткізілген. Жас класс жетекшілерге тәжірибелі ұстаздар қатарынан жетекшілер тағайындалған. Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің отырысы жоспарға сәйкес тоқсанына бір рет өткізіледі. Хаттамалары жүргізіледі. Сынып жетекшілердің тәрбие жоспарларының құрылымы тексеріліп, бірлестік отырысында мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес қаралып, анықтамасы жазылып таныстырылады. Сынып жетекшілерінің тәрбие жоспары педагогикалық кеңесте қаралып, бекітіледі. (үш оқу жылының тәрбие жоспарлары ұсынылады) Сынып жетекшілердің жұмыс жоспарының құрылымы бойынша алғашқы семинар-кеңес Ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын құндылықтар:

тәуелсіздік және отаншылдық
бірлік және ынтымақ
әділдік және жауапкершілік
заң және тәртіп
еңбекқорлық және кәсіби біліктілік
жасампаздық және жаңашылдық

құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындау мақсатында іс-шаралар жоспарлады. Сонымен қатар бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар бойынша іс-шаралар қамтылды.

1. «Қамқор» жобасы
2. «Шабыт» жобасы
3. «Еңбегі адал-жас өрен» жобасы
4. «Ұшқыр ой алаңы» жобасы
5. «Балалар кітапханасы» жобасы
6. «SMART BALA» жобасы.

Сонымен қатар 7-11 сыныптар үшін сынып сағаттарының есебінен «Жеке қауіпсіздік» тақырыбындағы сабақтар енгізіліп өтуде. Сынып жетекшілер: күнделікті үзіліс уақытында денешынықтыру пәні мұғалімдерімен бірлесе «Ұлттық ойындар» өткізді. Ата-аналар тарапынан «Өнегелі 15 минут» жеке әңгіме өткізуді талап етті. Қоңырау уақытында мектеп бойынша «Күй күмбірі» ойнатылды. «Үнемді тұтыну» бойынша оқушылармен ұдайы түсіндіру жұмыстары жүреді. «Апта дәйексөзі»-ұжымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінде лейтмотив ретінде қызмет атқарды. Аптаның алғашқы күні «Менің Қазақстаным» қағидасы бойынша әнұран орындаумен басталды.

Қолайлы мектеп климатын қалыптастыру өзара мінез-құлық пен қарым-қатынас қалтастыру мақсатында семинар, кеңестер ұйымдастырылды. Сынып жетекшілер ата-аналарды педагогикалық қолдау мақсатында үлкен жұмыстар атқарды.

Сынып жетекшілердің әдістемелік деңгейін жетілдіру мақсатына қалалық білім бөлімі, облыстық әдістемелік орталығы мен «Өрлеу» бідіктілікті арттыру ұлттық орталығымен бірлескен семинар өткізіліп, курстардан өтті.

№	Аты-жөні	Семинар тақырыбы	Уақыты	Мекеме
1	Джумағалиева А.И	«Оқушыларды табысты әлеуметтенуіне ықпал ететін ұлттық, рухани-адамгершілік және көпмәдениетті білім беру бағдарламасы»	19.09.2024	«Өрлеу»бідіктілікті арттыру ұлттық Орталығы
2	Азимова Н.А	«Класс жетекші-тәрбие жұмысының заманауи моделі»	31.03.2025	Облыстық әдістемелік орталығы
3	Джумағалиева А.И.	«Білім берудегі Ата-аналарды қолдау»	қараша	«Өркен» балалардың әл- ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты

4	Орынбек А.Е	«Буллинг – себептері, формалары, алдын алу»	қараша	ЖШС «Өркендеу» оқу әдістемелік орталығы
5	Бақиқызы А	«Буллинг – себептері, формалары, алдын алу»	қараша	ЖШС «Өркендеу» оқу әдістемелік орталығы
6	Джумағалиева А.И.	«Балалардың жазғы демалысын ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері» <i>Жазбала-Fest</i>	қыркүйек	Облыстық әдістемелік орталығы

Ата-аналарды педагогикалық қолдау

Мақсаты: Балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету, ата-ананың баланың әл-ауқатына жауапкершілігі, мектеппен тығыз байланыста болу.

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ Ғылыми-әдістемелік Кеңесінің 2023 жылғы 15 тамыз № 4 хаттамасына сәйкес «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмысы жалғасын тапты. Әдістемелік нұсқаулығына сүйеніп бағдарламалары құрылды. Бағдарламаға сәйкес кесте бекітілді. Сабақтар орта буын, жоғары буын сыныптарының ата-аналарына арналып 2 топта ұйымдастырылды. Оқу жылы барысында ата-аналармен бірлесіп қызықты сабақтар мен түрлі іс-шаралар өткізілді. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспарына орай «Жасөспірімді зорлық-зомбылықтан қорғаудың негізі - сенім мен жеке шекараға құрмет», «Жасөспірімдердің ұйқысы: оқу және мінез-құлыққа әсері», «Болашаққа көзқарас: балаға өз әлеуетін ашуға қалай көмектесуге болады», «Жеке шекара және қолдау: жасөспірімге қиындықтарды жеңуде қалай көмектесуге болады» сабақтары өткізілді. Отбасындағы жағымды психологиялық ахуал қалыптасыру мақсатындағы бейнебаян көрсетіліп талқыланды. Ата-аналар өз ойларымен бөлісіп, пікір алмасты. Лицей психологінің ұйымдастыруымен «Күйзелістен шығар жол» тақырыбында эмоцияны бақылау, стресстен, күйзелістен шығудың жолдары, агрессия, депрессия, суицидтік мінез-құлық және күйзелістен арылу әдістері туралы түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, ата-аналар ойларын ортаға салды. Ата-аналарға арналған баяндама-дәрістер оқылып, сауалнамалар алынды.

Ата-аналарға жасөспірімдердің талаптары мен қалауы арасындағы тепе-теңдікті ұстау қабілетін дамыту, ата-аналар мен балалар арасындағы жағымды қарым-қатынас дағдыларын дамыту мақсатында сауалнамалар мен тапсырмалар алынды.

Ата – аналармен жұмыстар: психологиялық, педагогикалық білім және тәжірибе жаңалықтармен таныстыру, кеңес беру, ой қозғау, ой қорыту форматтарында жүрді. Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі толғандырып жүрген сұрақтары талқыланды, тренингтер өткізілді. Ата-аналарды педагогикалық қолдау аясында «Даналық мектебі» жұмыс жасады. «Даналық мектебі» клубының қызметі білім беру ұйымының позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және дамыту жөніндегі жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады. «Даналық мектебі» клубы аясында ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында «Ұлттық киім» күні және әр түрлі дөңгелек үстел, челлендж, дифелле ұйымдастырылды.





Қорытынды:

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 1-тарау 3-тармақ 5) тармақша, 3-қосымша 2-тарау 15- тармақ, 4-қосымша 2-тарау 16-тармаққа сәйкес келеді.

4) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары бойынша білім алушылардың сабақтан тыс уақыттарының ұйымдастырлуы бойынша салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында спорттық секция және білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін шыңдау, өнерге қызығушылықтарын арттыру мақсатында үйірме жұмыс жасады.

2023-2024 оқу жылы

№	Үйірме атауы	Сағат саны	Класы	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма	Үйірме жетекшісі
1	«Үкілі домбыра» үйірмесі	4	7 «А,Ә» 8 «А,Ә»	16:20-17:00	16:20-17:00	16:20-17:00	16:20-17:00		Оразов А
2	«Шахмат» үйірмесі	4	8 «А,Ә» 9 «А,Ә»		17:00-17:45	16:20-17:00	17:00-17:45	16:20-17:00	Жылқыбаев Д.С.
3	«Жас тілші» үйірмесі	2	9 «А,Ә»		16:20-17:00		16:20-17:00		Бермагамбетова Н.А
